

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Қ.И.Садыков, А.Т.Жумабекова, И.Б.Мендығалиев, Е.Ж.Аргенова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды
қ., Қазақстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.21108699>

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп қабырғасындағы оқушыларға отансүйгіштік тәрбие берудің маңызы мен тиімді жолдары қарастырылған. Жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, ұлттық құндылықтарға құрметі, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылған. Елжандылық тәрбиені жүзеге асыруда білім беру ұйымдарының, отбасының және қоғамдық ортаның рөлі айқындалады. Сонымен қатар, тәрбие сағаттары, әскери-патриоттық іс-шаралар, тарихи-танымдық жұмыстар мен ұлттық дәстүрлерді насихаттау арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін дамыту жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері патриоттық тәрбиенің жастардың ұлттық санасын қалыптастырудағы және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі маңызын көрсетеді.

Кілт сөздер: Патриоттық тәрбие, елжандылық, ұлттық сана, ұлттық құндылықтар, жастар тәрбиесі, мектеп оқушылары, азаматтық жауапкершілік, Отанға сүйіспеншілік, әскери-патриоттық тәрбие, тәрбие жұмысы.

Зерттеудің көкейтестілігі: Үкімет басшысы президент Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларында және «Жаңа Қазақстан» құрудағы басты мәселердің бірегейі отанымыздың болашағы жастардың салауатты өмір салтын ұстануымен елжандылық тәрбиесі. Бүгінде білім – қоғамның әлеуметтік – экономикалық, интеллектуальдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі екендігі анық[1].

Жаңа, Мәңгілік Қазақстан оқушы жастарын елжандылыққа тәрбиелеуде жалпы білім беретін оқу орындарында, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтары үдерісімен мен сабақ кестесінен тыс жүргізілетін отансүйгіштік бағыттағы патриоттық іс – шаралардың, бүгінгі күн талабына қажеттілігі өте жоғары екендігінде ешқандай күмән жоқ. Қазақ халқының өткені мен бүгінін тразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ, жолдары таза жас ұрпақ тәрбиелеу мен қасиетті отанның қадірін ұғындыру, ар – намыс, атамекен сияқты киелі түсініктермен байланыстыру арқылы болашаққа бағыт сілтеу әрбір ұстаздың міндеті және басты борышы деп білеміз[2].

Жаңа, Мәңгілік Қазақстан жастарын елжандылыққа тәрбиелеуде оқу орындарында, сабақ кестесінен тыс жүргізілетін отансүйгіштік бағыттағы патриоттық іс – шаралардың, бүгінгі күн талабына қажеттілігі өте жоғары. Себебі жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде дұрыста, нақты бағдар беретін арнайы ұйымдастырылған мектеп қабырғасындағы әскери – спорттық клубтардың жүргізетін іс-шараларымен, қолданбалы әскери спорт түрлерінен өткізетін сайыстары және білікті мамандармен, тұлғатанушылардың қатынасуымен ерлік пен патриотизм жайында өткізілетін дөңгелек үстел - сұхпаттары мен пікір алмастыруылары заман талабына сай өте қажет[3].



ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп көрсетілген. Сонымен қатар маңызды мәселелердің бірегейі 2022 жылдан бастап «Әскери патриоттық тәрбие» беру қағидалары бекітіліп және 2030 жылға дейінгі «Жастарды әскери патриоттық тәрбиеге баулу» тұжырымдамасы қабылданған болатын".

Патриотизм-мемлекеттің Мәңгі Ел болып қалыптасуына басты әсер ететін негізгі рухани тірегі бола отырып, жаһандану заманындағы қоғамның дамуына, жастардың отан сүйгіштік және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына, туған жері мен отаны үшін жан қиярлықтай ерлік іске баратын, ұлт пен мемлекет дамуын негіздейтін әлеуметтік құбылыс.

Біздің мақсатымыз – бірінші кезекте салауатты өмір салтын ұстана отырып, сабақтан тыс өткізілетін отансүйгіштікке тәрбиелейтін әскери қолданбалы ойындар түрлерін жан-жақты жетілдіру арқылы, болашақта өркениетті өзін-өзі қорғай алатын, ой еңбегі мен дене дайындығы бірдей, күшіне ақылы сай саналы ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу, ал бұл жалпы білім беретін мектеп оқушыларының талпыныс ізденістерімен ұштасып жатыр. Жоғарыда айтылғандай бүгінгі жаһандану дәуірінде ел болашағы үшін ең маңызды мәселелердің бірі – өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Себебі елін сүйетін, халқының өткені мен бүгініне құрметпен қарап, болашағына жауапкершілікпен қарайтын азаматтар ғана ұлттың тұтастығын, мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қала алады. Сондықтан осы тұрғыда патриоттық тәрбие – ұлт болашағы мен тәуелсіздіктің басты кепілі болып саналады[4].

«Өткеніңді ұмытқаның өшкенінің белгісі, өткеніңді еске алғаның өскенің белгісі» деп халқымыз босқа айтпаған болар. Бүгінгі таңда, яғни Жаңа Қазақстан құруда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу – елдің рухани жаңғыруының негізгі шарттарының бірі. Жастар бойында патриоттық сезім қалыптастыру – тек білім беру мекемелерінің емес, жан-ұямен балабақшадан бастап бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Себебі кәзіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңі – бүгінгі мектеп қабырғасындағы оқушылар екендігі анық. Елжандылық тәрбие – мектеп қабырғасынан бастауын алатын қасиетті сезім, яғни бұл дегеніміз туған жеріне, халқына, тіліне, тарихына деген құрмет пен сүйіспеншілікті дамыту. Дегенмен қазіргі таңдағы өкінішке орай халқымыздың болмысына жат, жаһандану мен шетелдік мәдениеттің әсерінен кейбір жастардың өз елінің құндылықтарын бағаламай, басқа елге қызығушылық танытып өз ана тілінде сөйлеуге ұялатын келеңсіз жағдайларға бой алдыру, яғни жалған отаншылдықтың түрлері де жоқ емес десе болады. Мәселен: кейбір жасөспірімдер санасында «Мен үшін не жақсы – мемлекет үшін сол жақсы болмақ» немесе «Маған өмір сүру қай жерде жақсы болса, сол жер менің елім» секілді отаншылдықтан бас тартуды уағыздайтын, мемлекеттік және ұлттық егемендікті жоққа шығаратын идеологияларда жоқ емес. Тарих тағлымдары көрсеткендей жалған отансүйгіштіктің ең кесірлі түрі – өзінің мақсаттары мен мүдделері үшін отансүйгіштікті саудаға салу ұлтшылдыққа әкеп соғары әбден мүмкін десекте болады[5].

Жаһандану заманы қоғамның дамуына байланысты жасөспірімдерге білім беру, оларды елжандылыққа тәрбиелеу және дамыту жұмыстары барған сайын қыйындап күрделеніп бара жатыр. Ең маңызды шаралардың бірі: орта мектепті бітірген жас өмірге белсене атсалыса араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған

пайдалы жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі сонымен қатар өмірде қолдана білуі. Сонымен қатар жастар мектеп қабырғасында жүріп –ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, еліне деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын толық жан-жақты игеруі тиіс.

Бүгінде таңдағы жаһандану заманында Қазақстан Республикасындағы әрбір ұлт, әрбір халық санына қарамастан өздеріне тиісті, лайықты орындарын алған. Ал көпұлтты мемлекеттегі адамдардың патриотизмі олардың ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетімен бірлікте қарастырылады. Жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларында отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу үдерісінде әскери патриоттық үрдісті жетілдірудің құралы бола отырып, бүгінгі заман талабына сай отаншылдық сезімі жоғары тұлғаны қалыптастырады. Негізінен патриотизм көпұлттылық және ұлттық бөліктерден тұрады. Ұлттық патриотизм әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты. Ал интернационализмді әрбір адамның өзін сол мемлекет халқының бір бөлігі ретінде сезінуі түрлі ұлттық қауымдастық өкілдерінің ортақ Отанына деген сүйіспеншілігі мен шын берілгендігін көруге болады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың ортақ сана – сезімін қамтитын интернационализм идеясымен ұлттық патриотизм идеясының біртұтастығы қажет. Оның темірқазығы – Қазақстанды осындағы барлық ұлттардың өз Отаным деп сезінуі болмақ[6].

Зерттеудің нысаны: жалпы білім беретін мектептердегі жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру үрдісі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға әскери - патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен жүргізу әдістеріннің бағытын ғылыми тұрғыда негіздеу және оны теориялық тұрғыда оқу-тәрбие процесіне ендіру жолдарын анықтау.

Зерттеу жұмыстың міндеттері: -оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде сабақтан тыс өткізілетін патриоттық іс-шараларды тиімді пайдалану жолдарын қарастыру;

- жалпы білім беру мектептерінде оқушылармен тәжірбелік-эксперименттік жұмысын ұйымдастыру және оның нәтижелерін анықтау.

Жұмысымызда орындауда басты міндет оқушыларға әскери - патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен жүргізу әдістеріннің бағытын ғылыми тұрғыда негіздеу және оны теориялық тұрғыда оқу-тәрбие процесіне ендіру жолдарын анықтау болып табылды. Зеріттеу жұмыстары Қарағанды қаласының № 16 КММ жалпы білім беретін мектебі базасында өтті. Эксперименттің бастапқы кезеңінде тақырыпқа тиесілі өзекті материалдарды талдау, ғылыми - зеріттеу ізденістерінде педагогикалық болжамның объективті дұрыстығын тексеруді қамтамасыз ететін педагогикалық әдістерді пайдаландық. Жұмысымыздағы тәжірибелік–эксперимент жұмысы үш кезеңнен (анықтау, қалыптастырушы және қорытындылау) өткізілді. Тәжірибелік–эксперименттік жұмыс барысында «Жалпы білім беру оқу орындарында патриоттық тәрбие беру жолдарына» байланысты ресми құжаттарға талдау жасай отырып, жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде пайдалану мүмкіндіктері бар құндылықтар қарастырылды. Сонымен қатар оқушылардың әскер қатарында қызмет етуге қызығушылық жағдайы, жеке мүмкіндіктері зерттелініп, патриоттық тәрбие беру жолдарының түрлері мен құндылықтары негізінде елжандылық сезімін қалыптастыруға әсер етуші факторлар

сараланып, ғылыми - зерттеу талаптарына сай тәжірбие өткізу талабы бойынша эксперимент және бақылау топтарына қатынасатын оқушылар таңдалып алынды. Жұмысты орындауда алдымызға қойылған, зерттеу мәселесі мен міндеттерге сәйкес арнайы сауалнама өткізілді:


1. Ұлттық патриотизм дегеніміз не?
2. Қазақстандық патриотизмге қойылатын талаптар мен міндеттер қандай?
3. Патриотизм оқушылардың бойында қандай қасиеттері қалыптастырады деп санайсыз?
4. Оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытудың маңызы қандай?
5. Қалай ойлайсыз жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде әскери қолданбалы сайыстардың маңыздылығы бар ма және ар ұятты, ар-намысты оятуға себеп болама?
6. Әскери дәстүрлерді ұстану арқылы жастарды елжандылық - патриоттыққа тәрбиелеуге болады (болмайды) деп санайсыз ба? т.б.
7. Сабақтан тыс өткізілетін патриоттық тақырыптардағы «Дөңгелек үстелдер», «Сұхбаттар мен пікір таластар» маңызды деп санайсыз ба?

Экспримерттік жұмысқа 49 оқушы қатысты, оның 24 эксперименттік, 25 бақылау тобына кірді. Анықтаушы эксперимент барысында сауалнама көмегімен оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыру және отансүйгіштік көзқарас деңгейін анықталды. Сауалнама жауаптарын сараптау, оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасуы, заманауи тұрғыда отансүйгіштіктік түсініктің мәні, жалпы еліміздің қарулы күштеріне көзқарас туралы субъективті түсініктері мен білімдері туралы хабардар етті. Сауалнама қортындысы бойынша оқушылардың әскери өмір туралы білім деңгейлері қанағаттандырылғы болғанымен, әскери қызметке қызығушылығының әлде жеткіліксіз деңгейде екендігі байқалды. Сондықтан эксперимент тобындағы оқушыларға арналып «Әскери - патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен жүргізу әдістері бағытын ғылыми тұрғыда негіздеу» атты арнайы курс енгізілді.

1-кесте. Әскери - патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен жүргізу әдістеріннің бағытын ғылыми тұрғыда негіздеу.

Тақырыптың аты	Сағат саны	
	Дәріс	Семинар
Оқушылардың патриоттық білімін шыңдау – адаматтық көзқарас қалыптастырудағы маңызы	2	
Әскери педагогика арқылы патриоттық көзқарас қалыптастыру	2	
Жастардың патриоттық білімін шыңдауда әскери тәрбиенің мазмұны		2
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні арқылы болашақ отан қорғаушыларды елжандылыққа тәрбиелеу.		2
Барлығы:	4	4

Ондағы алдымызға қойылған мақсат сабақтан тыс өткізілетін патриоттық іс-шараларда, оқушыларға әскери - патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен жүргізу әдістеріннің бағытын ғылыми тұрғыда негіздеу, оны оқу-тәрбие процесіне ендіру жолдарын анықтау. Тәжірбиеге қатынасушы мектеп оқушыларының патриоттық білім деңгейін тексеріп-анықтау мақсатында біз үш деңгей белгілеп, сол бойынша эксперимент-тәжірбие жұмыстарын жүзеге асырдық.



Бақылау тобы. Эксперименттік тобы.

Сурет -1. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарын ұйымдастыруда, патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің қалыптасу деңгейінің диаграммасы.

Зеріттеу жұмысымызды орындауда арнайы жүргізілген анықтаушы эксперимент нәтижелерін мынадай критерийлер бойынша сараланды.

Жоғарғы деңгейі – отансүйгіштік тәрбие бойынша түсініктері жоғары, әскери өмір саласындағы рухани мұраларды біліп, оның әскери тәрбиенің алғы шарты екендігін түсініп, әскери патриоттық білімін шыңдап қалыптастырудың мазмұнын терең анықтай алатын, олардың теориялық және эмперикалық ұстанымдарын тұтас қабылдайтын, әскери қызметшілердің отанын қорғаудағы ізгі қасиеттерін құрметтейтіндер.

Орта деңгейі - отансүйгіштік тәрбие бойынша түсініктері жоғары, әскери өмір саласындағы рухани мұралардан хабары бар, патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын меңгеруге, танып білуге талпыныс білдіргенмен, айтарлықтай қызығушылық танытпайды, әскери қызметті құрметтеу бойынша өз көзқарасын толық айқын жеткізіп көрсете алмайды.

Төменгі деңгейі - отансүйгіштік тәрбие бойынша жалпылама түсініктері бар, патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарына қызығушылық танытпайды, әскери қызметті түсініп білуге аса ықылас білдірмейді, әскери қызметке көзқарасы немқұрайлы және әскери борышын өтеуге өзін міндеттімін деп санамайтындар.

Жүргізілген зеріттеу жұмысымыздың нәтижелері бойынша, өзіміз дайындаған факультатив бағдарлама оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасуы бойынша әскери көзқарастың бірлігін, тұтастығын және сабақтастығын жан-жақты қамтып, болашақ отан қорғашылардың


патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің алға қойылған мақсаттар бойынша әскери тәрбиенің нәтижелі жүзеге асырылуына тірек болды, ол дегеніміз: - болашақ әскери жетекшінің оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі дербестігін дамыту және қабілеттерін жетілдіруді жүзеге асыру. Алғашқы кезеңде, оқу үдерісі мен сабақтан тыс өткізілетін патриоттық іс-шараларда, заманауи талаптарға сай оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын және отансүйгіштік көзқарастарды қалыптастыру болып табылды. Яғни, оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын, сондай-ақ отансүйгіштік ұғымын қалай түсінеді, елжандылық көзқарастарды қалыптастырудың қандай жолдарын біледі және заманауи патриоттық тәрбие мәселелер төңірегіндегі ой-пікірлерін, ұғым-түсініктерін зерделеу болды.

Зеріктеу барысында анықталған жағдайды негізге ала отырып, біз оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы бойынша біліктілігін тереңдету мақсатында, қалыптасушы тәжірибе алдында эксперименталды және бақылау топтарының оқушыларының алдында патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдары бойынша қосымша ақпараттармен қамтамассыз ету бойынша жұмыстар жүргіздік.

Кесте-2. Оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасу деңгейі.

Деңгейлері	Бақылау тобы			Эксперименттік тобы		
	білім	білік, іскерлі	қызығушылық	білім	білік, іскерлі	қызығушылық
Жоғары	13,6%	12,2%	12,1%	64,5%	56,4%	59,2%
Орташа	26,3%	25,6%	24,6%	35,5%	43,6%	25,8%
Төмен	60,1%	62,2%	61,3%	-	-	15%

Оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптаструды анықтау, бақылау және қалыптастыру экспериментін жүргізу кезіндегі алынған зеріктеу көрсеткіштері оқушылардың теориялық, іс-тәжірибелік даярлығы бойынша білімі, білігі мен іскерлігі, ал әскери пәнге қызығушылығы жоғары, орташа, төмен көрсеткіштерінің нәтижесіне ден қоятын болсақ және анықытаушы эксперимент нәтижесімен салыстырып тоқталатын болсақ, анықытаушы экспериментпен бақылау эксперимент нәтижесін салыстырғанда оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастру және отан алдында әскери борышыын өтеп қызмет жасауға көзқарасы бойынша, эксперименттік топта жүргізілген факультатив және тағы басқа патриотизм тақырыбында жүргізілген шаралардан кейін жоғары қызығушылығы 59,2 пайызға өсті, орташа 1,8 пайызға артты, төмен 40,5 пайызға кеміді. Білім жоғары 51,3 пайызға өсті, орташа 11,4 пайызға артты, төмен деңгейі 56,4 пайызға кеміді. Білік іскерлік жоғары 43,8 пайызға, орташа 20,2 пайызға, төмен 56,6 пайызға кеміді.



Бақылау тобы.

Эксперименттік тобы.

Сурет -2. Оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасу деңгейінің диаграммасы.

Эксперименттік жұмыс жүргізу қортындысы бойынша жалпы білім беру оқу орындарында патриоттық тәрбие беру жолдары, оқыту үдерісі мен сабақтан тыс уақытта өткізілетін патриоттық тәрбие бойынша іс-шаралардың атқарылуы, зеріттеу жұмыстарында оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыруда қажетті іскерліктер және дағдыларды игеруге және отансүйгіштік әскери көзқарастарының дамып жетілуіне ықпал етеді деген пікірдеміз.

Сондықтан еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде елжандылық-патриотизмді басты бағыт етіп алу – әрбір саналы азаматтың борышы деп білеміз. Отанын шынайы сүйетін, елімен жерін әрқашанда қорғауға әзір, халқының төл мәдениеті мен тарихына құрметпен қарайтын елжанды жастар барда – Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын, тұғыры биік болары сөзсіз

Зерттеу жұмысымыздың қортындысы Қарағанды қаласының № 16 КММ жалпы білім беретін мектебінің оқу үрдісі мен сабақтан тыс өткізілетін патриоттық шараларда пайдалану бойынша шынайы акті жасалынып енгізілді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Токаев Қ.К. Қазақстан Мемлекет басшысының Қазақстан «Әділетті Қазақстан: құқықтық тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» Жолдауы, Астана.-. 02.12.24 ж

2..Рамашов Н.Р., Иманбетов А.Н. «Әскери патриоттық тәрбие негіздері»: Оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: «Арқо», 2013. – 105 б.

3.Қожмжаров Е.Ж. «Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі», Оқу – әдістемелік құралы, Қарағанды: 2015ж. - 199 б.

4.Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: П.ғ.к., автореф. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 30б.

5. Садықов Қ.И., Д.З.Елешов., А.Е.Садыкова. Елжандылық тәрбие-ұлт болашағының кепілі. Дене шынықтыру және спортты дамытудың мәселері мен болашағы. Ғылыми еңбектер жинағы, Қарағанды: 2025.-270-272 бб. Ғылыми электрондық баслым.

6.Садықов К.И., Біраяқ Ж.Б. Жастарды елжандылыққа баулудағы әскери-спорттық клубтың маңыздылығы «Бастапқы әскери дайындықтың өзекті мәселелрі» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – 15-16 қыркүйек 2024ж. 46-51бб